



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 60 (8447) Сәрсенбі 8 маусым 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзақская районная газета

ЕЛТАҢБАМЕН-ЕҢСЕЛІ, ТУЫМЕН-ТҰҒЫРЛЫ, ӘНҰРАНЫМЕН-АЙБАТТЫ

1992 жылдың 4 маусымында Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері туралы» Заңға қол қойды. Бұл күн еліміздің тарихында мемлекеттік рәміздеріміз -Ту, Елтаңба және Әнұранымыздың алғаш рет бекітілген күні болып тарих бетіне алтын әріппен жазылды.

2007 жылы Елбасы Жарлығымен 4 маусым-Мемлекеттік рәміздер күні ретінде бекітілді.

Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік Әнұран-егемен еліміздің ұлттық құндылықтары. Ел тәуелсіздігінің тұмары іспетті құндылықтарымыздың бірі – Мемлекеттік рәміздер күні өткен аптаның сенбісі күні еліміздің түкпір-түкпірінде кеңінен аталып өтілді.

Аудан орталығындағы әл-Фараби атындағы мәдениет үйінде “Мемлекеттік рәміздер- елдіктің белгісі” атты жиын өтті.

Алдымен сахна төріне салтанатты жағдайда Мемлекеттік Ту мен Елтаңба шығарылды. Еліміз бойынша бір мезгілде Әнұранымыз шырқалды.

Салтанатты жиында аудан әкімі М. Шүкеев сөз сөйлеп, жиналғандарды осынау ұлық мерекемен құттықтады. Ту, Елтаңба және Гимн-халқымыздың рухы мен ұлттық сана-сезімін, қаһармандығы мен даналығын және мақсат-мүддесін болашаққа жеткізе алатын баға жетпес құндылық екендігі, сондай-ақ, аталмыш мереке қазақстандық патриотизм мен ұлт бірлігін, халқымыздың ынтымағы мен жетістіктерін нығайтуға, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге тәрбиелейтіндігін айтты.

Бойымызға асқақ рух пен асқан мақтаныш сезімін ұялататын Мемлекеттік рәміздер-ұлттық тұтастықтың, ызғымас бірлігіміздің көпілі саналады. Туымыз - мемлекетіміздің

құдіретін танытатын, ел мерейін өсіретін, кең байтақ жерімізде тұрып жатқан сан ұлт өкілдерінің татулығын ұлықтайтын нышан. Аспан түстес Туымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының алдында желбіреп, халқымыздың мәртебесін биіктетсе, Әнұранымыз олимпиада ойындарында Қазақстан спортшыларының мерейін өсіруде.

Желбіреген көк байрағымыз халқымыздың арманын асқақтатса, елтаңбамыз ел тарихының тереңінен тамыр тартып, ұлттық рухымызды биіктетіп, шаңырағымыздың беріктігін паш етіп, республикамыздың қанатты тұлпардай ұшқырлығын айқайтайды.

Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым “Мәңгілік ел” болу үшін зор мүмкіндіктер бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің



тірегіміз -тәуелсіздік, тұғырымыз- тыныштық, тірегіміз-тұрақтылық, тілегіміз-татулық! Туымызбен тұғырлы, Елтаңбамызбен еңселі, Әнұранымызбен асқақ тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын болсын,- деп сөзін түйіндеді



аудан басшысы.

Бұдан соң «Көктудың желбірегені» әнімен Мемлекеттік Ту мен Елтаңба залдан шығарылды.

Елдіктің белгісін әспеттеген шара патриоттық әндерге ұласты.

Жезтаңдай өншілер А. Исабаев пен Ө. Нұрбаевтың орындауында жергілікті ақын-сазгер Қ. Нарбатырдың “Мақтанышым-Отаным” әні шырқалды. Нұртуғанның “Қанеки тілім сөйлеші” термесін Д. Диханбаева, сазгер С. Бөкір “Туған ел-Қазақстан”, Л. Хамидидің “Қазақ вальсін” К. Құрымбаевалар тамылжыта орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Мемлекеттік рәміздерді ұлықтаған шара шымылдығы «Атамекен» әнімен жабылды.

Сондай-ақ, бұл күні аудандық орталықтандырылған кітапханада “Қазақстан Республикасы рәміздерінің бүгінгі таңдағы жағдайы” атты тақырыпта оқырмандармен дөңгелек үстел, «Еңселі еліміз рәміздерімен тұғырлы» тақырыптарында кітап көрмелері, ауылдық

округтерде “Менің Қазақстаным” мерекелік концерт, танымдық шаралар, “Мемлекеттік рәміздер-мақтанышым” атты автокөлікшілердің шеруі де өтті.

Өз тілшіміз.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

«КӨДЕЛІ» ЖАЙЛАУЫНДА – ШЫРЫЛДАУЫҚ ШЕГІРТКЕ

М.ШАЛҒЫНБАЙ,
«Ауыл жаңалығы».

Аудан аумағындағы Мырзатай, Сазтерек, Жалғызтөбе, Көптерек, Темірбек және Ынтымақ ауылдық округтеріне қарасты жайылым жерлер мен шабындықтарға шегірткелер ауыз салды. Аудандағы шаруалар зиянкес жәндіктер бір айдан бері берекені қашырды деп отыр. Айтуларынша, көп шегіртке «Көделі» жайлауындағы желекті жайылымды отыз күн ішінде отап кеткен. Мамандар болса, «марокколық шегірткемен» күресу жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады. Жолындағысын жайпап өтетін жәндік біздің ауданға көршілес жатқан Жамбыл ауданынан ауып келгендігі белгілі болып отыр.

Бұрын соңды бұл маңда байқала бермейтін шырылдауық шегірткелер демде қаптап кеткен. Әсіресе, қанатты жәндіктер аудандағы Көделі жайлауында көптеп саналады. Тобымен жиі-жиі көшетін шегірткелер, енді малды азықсыз қалдыратын түрі бар.

Осыған орай, ауданымызға жұмысшы тобымен арнайы келген облыс әкімінің орынбасары А.Нұрәлиев тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеген болатын.

Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы,



Байзақ аудандық филиалының басшысы Әсемғали Қабдушевке хабарласып, бүгінгі таңда шегірткеге қарсы атқарылып жатқан жұмыстар туралы сұраған едік. Көрші аудан аумағынан біздің аймаққа көшіп келген

зиянкестерге қарсы жүргізіліп жатқан шаралар жөнінде кеңінен әңгімелеген Ә.Қабдушев химиялық жолмен уландыру жұмыстары жүріп жатқанын жеткізді.

Алдымен Мырзатай, Сазтерек, Жалғызтөбе, Ынтымақ ауылдық округтеріндегі жайылым мен шабындық жерлерді тексеріліп, шегіртке шоғырланған аумақтар дәріленді. Облыс пен ауданнан құралған 16 маман қазіргі күні Көптерек ауылдық округінен Темірбек ауылдық округі аумағына қарай шегіртке қоныстанған жерлерді анықтап, маяк арқылы белгі береді. Содан кейін арнайы бөлінген самолетпен және дәрі себетін техникалармен химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу үстіндеміз.

Зиянкестерге қарсы «Доклоприд», «Комбат» деген препараттары қолданылуда. Олардың әсер ету күші шамамен 90-92 пайыз деп айтуға болады. Бұлар қазір жерде қимылдап жүргенімен, белсенділігін жоғалтып отыр. Химиялық жолмен өңдеу жұмыстары күнделікті таңғы сағат алтыдан кешкі мезгілге дейін жалғасуда, дейді филиал басшысы.

Қазір мұнда 1 шаршы метр жерге шамамен 30-60 шегірткеге дейін келіп отыр. Химиялық жолмен өңдеу жұмыстары бір апта бұрын басталған. Мамандар алдағы аптада шегіртке шабуылынан қауіп болмайды деп отыр.

ЖЕР ТАҒДЫРЫ-ЕЛ ТАҒДЫРЫ

ЖЕР-БАЙЛЫҚ

Н. БЕЙСЕНОВ,
еңбек ардагері.
Түймекент ауылы.

Астана қаласында «Нұр Отан» партиясының ұйымдастыруымен «Қазақстан-2050» демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясының отырысы өтіп, еліміздің барлық саяси, қоғамдық ұйымдары жергілікті жерлерде нақты үстел басында бас қосқаны баришаға мәлім. Онда айтылған сан алуан пікірдің ішінде жалты бір ортақ мүдде бар. Ол ауыл шаруашылығын дамыту. Оның жолдары мен түрлі тәуекел-мүмкіндіктері тізілген коалицияның Үндеуі бірауыздан қабылданды. Бұл мәселеден әрбір көкірегі ояу, көзі қарақты азамат хабардар болар, оған үн қосар деген ойдамын. Мен де аталған Үндеуге орай, ой-пікірімді білдіруді өзімнің азаматтық борышым санап отырмын.

Басқосуда айтылған жайлар еліміздің барлық өңірлеріндегі жер пайдаланушы азаматтардың мақсат-мүддесімен әбден сәйкес келеді деген ойдамын. Үндеуде коалицияның «Қазақстан-2050» Стратегиясында Мемлекет басшысы белгілеген елімізді қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағырту бағдарын, 5 реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ Елбасының Жер кодексінің жекелеген нормаларына мораторий енгізу туралы шешімін толығымен қуаттайтындығы айтылған.

Онда айтылғандай, шын мәнінде Қазақстандағы пайдаланусыз, ел игілігіне жаратылмай жатқан мыңдаған гектар жеріміз барын жасыруға болмайды. Сол жерлер елге жаны ашитын, жер қадірін білетін, егін егіп жүрген егінші-диқандарға - еліміздің өз азаматтарына бірінші кезекте берілуге тиіс. О шешім мен бұ шешіме көз жеткісіз, ұшқан құстың қанаты, жортқан аңның тұяғы талатын, ұшы-қиыры жоқ, кең жазиралы даламыздың иесі де, киесі де-ел, қарапайым халықтың өкілдері. Тиімді пайдалана білсек, бар байлық жерде. Осыны ұмытпайық.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Алтыншы сайланған Байзақ аудандық мәслихатының кезекті IV – сессиясы 2016 жылғы 22 маусым күні сағат 10.00-де мәжіліс залында мынадай күн тәртібімен өтеді:

1. Ауданның әлеуметтік саласында «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» талаптарының сақталуы туралы;
2. Ауданның 2015 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы;
3. Аудандық мәслихаттың «Экология, табиғатты пайдалану, денсаулық, жанұя мен өйелдер ісі, мүгедектер және тұрғындардың тұрмысы төмен бөлігін әлеуметтік қорғау мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссиясының атқарған жұмыстары туралы есебі;
4. Өртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихат аппараты.

ҰСТАЗ – ҰЛЫ МАМАНДЫҚ

**Бұл туралы «Нұр Отан»
партиясы аудандық филиалы Саяси
кеңесі Бюро отырысында айтылды**



**Мұратхан Жүнісәліұлы Шүкеев таныстырып
өтті.**

Партия аудандық филиалының Саяси кеңесінің Бюро мүшелері, партияның аудандық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысқан Бюро отырысының алғашқы мәселесі «Нұр Отан» партиясының «Қазақстан -2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық» сайлауалды бағдарламасын іске асырудың өңірлік көрсеткіштер тізбесін дайындау жөніндегі жұмысшы тобының құрамын бекіту» туралы Нұржан Тлеповтың хабарламасы тыңдалды.

Ал, кезекті мәселе - ауданымызға қарасты Қызыл жұлдыз ауылы, Н.Ақшабаев атындағы орта мектептің директоры, партия мүшесі Бәйтен Қанатбек Әзімбайұлының партиялық жауапкершілігін қарау бойынша партиялық бақылау комиссиясы төрағасының орынбасары Шолпан Байтақова хабарлама жасады.

Мәселеге қатысты мән-жайды толығырақ аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы Д.Усқумбаева түсіндіріп берді. Анығырақ айтсақ, Дәмеш Шайхықызы Н.Ақшабаев атындағы орта мектептің директоры Қ.Бәйтеннің атына мектеп мұғалімі М.Оразбаеваның арызы түсіп, онда басшының лауазымдық қызметтерін асыра пайдаланғандығы, өзін жұмыстан заңсыз шығарғаны, білім ошағында тағы басқа өрескел заң бұзушылықтар орын алғандығы жайында айтылғандығын атап көрсетті. Білім бөлімінің басшысы лауазымына жанадан тағайындалған Д.Усқумбаева ендігі жерде мұндағы жағдайды жеке қадағалауына алатындығын жеткізді.

Өз кезегінде аталмыш мектептің директоры Қ.Бәйтенге сөз берілгенде, ол арызда көрсетілген кейбір фактілермен келіспейтінін айтты. Мәселеге қатысты партия аудандық филиалы Саяси кеңесінің Бюро мүшелері, партияның аудандық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңес мүшелері өз ой-пікірлерін ортаға салды.

Отырысты қорытындылаған «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы М.Шүкеев ұстаз – ұлы мамандық екендігін тілге тиек етіп, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп отырған мектеп ұжымына, ондағы мұғалімдерге мұндай қылқас жараспайтындығын қатан ескертті.

Сондай-ақ мектеп директоры, партия мүшесі Қ.Бәйтенге қатысты Этика Кодексінің талаптарына сәйкес, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы Саяси кеңесі Бюросының қаулысы қабылданды.

Өз тілшіміз.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУ - ПАРЫЗ

**БАҚБАЕВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы еліміздің барлық жеке және заңды тұлғаларына қатысты қолданылады. Аталмыш заң демократиялық негіздерді, мемлекетті басқарудағы жариялылық пен бақылауды кеңейтуге халықтың мемлекет пен оның құрылымдарына деген сенімін нығайтуға, білікті мамандарды мемлекеттік қызметке кіруге ынталандыруға, мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың риясыз адалдығы үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылыққа жол бергені үшін қызметтен қуылған адамдарға мемлекеттік органдар мен ұйымдарда кез келген лауазымда болуға тыйым салынған.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру – аса маңызды міндет екендігін атап көрсеткен болатын.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты әрекет оның алдын алуға бейімделген стратегия болғанда ғана мүмкін екендігі белгілі. Сондықтан, жазалауды қатаңдатумен және қылмыстық қудалауды күшейтумен бірге, сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған қосымша шаралар пысықталып, мәселені шешуде мемлекет пен қоғамның күш салуын біріктіруге аса көңіл бөлінуде.

Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық дерегі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам туралы ақпарат мемлекеттік құпия болып табылатынын және құқық қорғау органдарының немесе соттың сұратуы бойынша заңда белгіленген тәртіппен ғана табыс етілетінін әрбір адам білуі қажет. Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылық орын алған жағдайды хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдескен адам мемлекеттің қорғауында болады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру кез-келген мемлекеттің болашағы үшін стратегиялық мәнге ие.

Елбасымыз халыққа арнаған сөздерінде жемқорлық індетінің тамырына түбегейлі балта шаппайынша, мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайтынын жиі айтып келеді. Жемқорлық бөлен алған жағдайда еліміз бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына қосыла алмайтыны белгілі. Мұндай әрекеттер экономикамыздың басқа дамуына, әлеуметтік жағдайымыздың төмендей түсуіне әкеліп соқтырады. Сондықтан, мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары өз қызметінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуі тиіс. Осыған орай, аудан әкімі аппаратында жеке және заңды тұлғалардың шағымдарына арналған 2-11-52 нөмірлі сенім телефоны жұмыс істеуде.

ЖАҢА МІНДЕТТЕР ІЗДЕНІСТЕРДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

**Н. ТЛЕПОВ,
Байзақ ауданының мәслихат хат
шысы.**

Біз Тәуелсіздіктің 25-інші жылдығына жаңа қазақстандық арманмен аяқ бастық. Оны Бес институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты кадам-Ұлт жоспарын жасаудан бастадық. Онда мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, заң үстемдігін қамтамасыз ету, экономикалық өсімді ынталандыру, қазақстандық бірдейлікті бекіту, мемлекеттің есеп берушілігі мен ашықтығын арттыра түсу сынды міндеттер нақтыланды.

Әлемдегі 30 дамыған елдің қатарына ену ешқашан оңай болған емес. Бірқатар дамыған елдер бірнеше жылдан бері кіре алмауда. Талап күшті. Оны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүзеге асырады. Ұйымның 22 комитетімен бағаланатын үміткер елдерден нақтыланған 220 құжат талап етіледі. Олар ұйымның қағидалары мен стандарттарына сай келулері тиіс. Елдің мемлекеттік басқару тиімділігі олардың мемлекеттік қызметкерлерінің кәсіби деңгейімен анықталады, Мемлекеттік аппараттың кәсібиілігінің объективтік көрсеткіші ретінде оның халықаралық рейтингтегі еңбек өнімділігінің деңгейі, елдің қызмет көрсету және тауарының бәсекеге қабілеттілігі, жемқорлық деңгейі, халықтың өмір сүру сапасы, экологиялық жағдайы, ұлттық валютаның тұрақтылығы сияқты маңызды позицияларын есепке алады. Осы мәселелерді шешуде мемлекеттік қызметшілердің кәсібиілік көрсеткіші басты орын алады. Сондықтан да, мемлекеттік қызметшілердің кәсібиілік мәселесін шешу үшін қызметшілерді оқыту жүйесіне және кадр қызметі жұмысын ұйымдастыруды жетілдіруге көңіл бөлінуі тиіс.

Осы орайда, аудандық мәслихат аппараты қызметшілерін кәсібиілендіруде бірқатар жұмыстар атқарылуда. Қызметшілердің біліктілігін арттыру басты назарда, заңнамада көрсетілген мерзімдерде қызметшілердің бәрі дерлік біліктілігін көтеруде. Келесі жылдан бастап қызметшілерді бағалау жүргізілсе, биылғы жылы соған дайындық жұмыстары пысықталуда.

Аудандық мәслихат аппаратының қызметкерлері депутаттардың өз өкілеттігін жүзеге асыруға, белсенділігін арттыру үшін қажетті жұмыстарды ұйымдастырып отыр. Мәслихат аппаратының қалыптасу жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалынған. Оның материалдық-техникалық базасы нығайтып, депутаттармен жұмыс істеуіне қажетті техникалық құралдардың бәрі дерлік алынған. Ақпараттар мен методикалық материалдарды электрондық құралдар арқылы жүргізуді қамтамасыз ететін электрондық пошта, интернет кеңістігіне компьютерлерді қосу іске асырылған. Компьютерлерге заңдар жинағы енгізілді. Интернетте аудандық мәслихаттың сайты ашылып, онда мәслихат хатшысының блогы жұмыс істейді.

Аудандық мәслихат аппараты құжат айналымын жетілдіру, басқару еңбегінің сапасын арттыру бойынша бірқатар жұмыстар атқарды. Келіп түскен және жөнелтілетін құжаттарды өңдеу, тіркеу, орындаушыларға табыстау жұмыстарының сапасы жақсарды.

Аудандық мәслихатта жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, оларды есепке алу, №1 «Айқын» ОЛ нысанда есепті жасау және оның құрылуына басты назар



мәслихаттардың қадамы жас болса да, демократиялық мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру жолындағы қоғамда алатын орны бөлек. Олар жыл өткен сайын есейіп, рухани-саяси, қоғамдық-мәдени тұрғыда нығайып, заман талабына орай, қалыптасып келеді. Осыдан азғана бұрын бәсекеlestікке қабілетті әлемдегі елу елдің қатарына қосылуды мақсат етіп едік. Енді, бүгін Қазақ Елі бұл межені де бағындырып, әлемдегі алдыңғы қатарлы отыз мемлекеттің біріне айналуға бағыт алып отыр. Осы тұста ел ішіндегі саяси тұрақтылық пен халық бірлігін сақтауда, орнықты дамуды жалғастыруда, қоғамды әлемдік өркениет жолымен демократияландыруда жергілікті мәслихаттардың жүгі салмақтана түсті.

Ата Заңымызда: «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы-халық»-делінген. Қоғамды демократияландыру үдерістерінде жергілікті өкілді органдардың, халық билігінің негізгі формасы ретінде, мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының маңызы өте зор. Мәслихат-халық сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілеп, олардың жүзеге асырылуын қадағалайтын жергілікті өкілді орган. Өз қызметінде мәслихат мемлекеттің жалпы сыртқы және ішкі саясатына, қаржы және инвестициялық саясатқа сай келмейтін шешімдердің қабылдануына жол бермейді, қоғамдық маңызы бар салаларда белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстанады, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

1993 жылы Конституция қабылданғанда жаңа тәуелсіз, егемен мемлекеттің негізгі аяққа тұруы басталды. Сол жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі жергілікті мемлекеттік органдар құрылымына маңызды өзгерістер енгізген «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» Заң қабылдады. Жергілікті өкілді органдар – мәслихат, жергілікті атқарушы органдар әкімшілік болып аталды. Мәслихаттар мен әкімшіліктер «Жергілікті мемлекеттік басқару органдары» деген жалпы атауға біріктірілді. Ұйымдастырушылық жағынан жергілікті органдар бір-бірінен бөлінген, әрқайсысының өкілеттігі, мәселелер аясы мен өз құзыреті бар.

1994 жылдың наурыз айында елімізде Қазақстанның саяси көзқарасындағы жаңа толқынды танытқан жергілікті өкілді билік органдары – мәслихаттарға алғашқы сайлаулар басталды. Ол елдегі бәсекеге қабілетті алғашқы сайлау болып, республиканың демократиялығын жедел дамытты.

Мәслихаттар нақты заң шеңберінде жергілікті халықтың еркіндігі мен ерікті іс-әрекет етуін қамтитын мемлекеттік органдардың өкілеті ретіндегі функцияларға ие болды. Ауданымызда 19 сайлау округі бойынша 19 депутат сайланды. Осы бірінші сайланған Свердлов аудандық мәслихаты-

депутаттар жиналысының I сессиясы 1994 жылғы 5 сәуірде шақырылып, онда оның шешімімен "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес, аудандық мәслихаттың-депутаттар жиналысының алғашқы хатшысы болып ұзақ жылдар партия, кеңес органдарында жұмыс атқарған Әбдуллин Тілеуқұл сайланды. Содан бері аудандық мәслихаттың алты шақырылымы өтті. Алтыншы сайланған Байзақ аудандық мәслихатына 15 депутат сайланды, оның бірінші ұйымдастыру сессиясы 2016 жылғы 24 наурызда өткізілді. Онда аудандық мәслихат хатшысы болып №3 сайлау округінен депутат мен сайландым. Ұйымдастыру сессиясында үш тұрақты комиссия құрылып, олардың төрағалығына А. Жамишжанов, Г.Тұралиева, Р. Сапарбекөвтер сайланды.

Аудандық мәслихат жұмысының негізгі принципі – түсіністік, атқарушы органдармен тығыз байланыс, ортақ іске біріге жұмылу. Мәслихат депутаттары-тәжірибелі басшылар, демократияның, жариялылықтың және әлеуметтік прогрестің дамуына зор үлес қосқан, әр түрлі саладағы жоғары білікті, азаматтық ұстанымы бар мамандар.

Олардың сапалық құрамына келер болсақ, ұлттық құрам бойынша барлығы қазақ, бес депутат 35-45 жас аралығында болса, 10 депутат 45-60 жас аралығындағы жаста. Сондай-ақ халық қалаулыларының бәрі жоғары білімді, олардың ішінде, мамандықтары бойынша: инженер-6, экономист-бухгалтер-1, педагог-2, заңгер-1, дәрігер-2, электрлік-2, агроном-1 құрайды. Мәслихат депутаттарының 13-і ер, 2-еуі әйел.

Аудандық мәслихаттың әрбір депутатының жеке алғандағы белсенділігін арттыруда, олардың беделін аудан тұрғындары алдында көтеруде, сайлаушылардың талап-тілектерін орындаудағы жұмыс әдісі мен түрлерін жетілдіруде едәуір жұмыс атқарылуда. Аудандық мәслихат депутаттары өз өкілеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында сайлаушылардың ұсыныс-пікірлері бойынша сессия және тұрақты комиссия отырыстарында мәселелер көтеріп, олардың орындалуына өз үлестерін қосуда. Депутаттардың бәрі дерлік өздерінің сайлауалды бағдарламаларын және сайлаушылармен кездесу барысында туындаған талап-тілектерін іске асыру мақсатында ауданның атқарушы органдарының алдына талаптар қойып отырады.

Бүгінгі таңда әрбір депутаттың өз сайлау округіндегі тұрғындармен тығыз байланысы қалыптасты деуге болады. Халық депутаттың таниды және іздейді. Депутаттар сайлаушыларды қабылдап, олармен кездесулер өткізіп, толандыратын ортақ проблемалар мен маңызды мәселелерді талқылайды. Ұсыныстарды, шағымдарды тиісті орындарға қояды, орындалуына уақытылы бақылау жасайды және жылына екі мезгіл сайлаушылар алдында есеп береді. Ілгілігі істердің жүзеге асуы арқасында депутаттардың да мәртебесі көтерілуде. Аудандық мәслихаттың әрбір депутатының өзіндік ұстанымы, тұғыр-тұлғасы, төңіректе және мемлекетте болып жатқан құбылыстарға көзқарасы, болжамы, пайымдауы бар. Олардың қай-қайсысы да сол құбылыстарды жай сырттай бақылаушы болмай, өзі тікелей араласып, пікірін ашық айтып, қолғабысын тігізуге ұмтылады. Уақыт, өмір бір орнында тұрмайды. Ол кез келген өміршең мәселелердің өзінде де жанаңша тұрғыдан қарап, дамытып, жетілдіріп отыруды қажет етеді. Бұл әрбір азаматты жауапкершілікке шақырып, игі істерге бастайтын ұран. Біз, еліміздің тірегі, мемлекетіміздің беріктігі өзіміздің қолымызда екенін түсінеміз. Сондықтан да Отанымыздың болашағы баянды, келешегі кемелді болуы үшін аянбай еңбек ететін боламыз.

Национально-освободительному восстанию 1916 года-100 лет

В ПАМЯТИ НАРОДНОЙ

В нынешнем году исполняется 100 лет национально-освободительному восстанию казахов 1916 года.

Это общее историческое событие для народов Центральной Азии, явившееся одним из ярких проявлений всеобщего кризиса в Российской империи в дореволюционный период.

В 1916 году Россия продолжала войну на русско-германском фронте. Войну долгую и бессмысленную. Назревала экономический, социальный и политический кризис не только в самой России, но и в колониальных окраинах.

В этой обстановке особенно пострадал Казахстан. Его беды начались еще в 1907 году, когда за пять лет из европейской части страны в Казахстан были переселены 2 миллиона 400 тысяч человек. К 1916 году царизм лишил казахов 40 миллионов гектаров земель. В это время в границах бывшего Туркестана возник 941 переселенческий посёлок. Вот красноречивый факт дискриминации местного населения: на каждого едока из русского поселения приходилось 3,17 десятины земли, на каждого представителя коренного населения – 0,21 десятины.

Как должен был вести себя народ, у которого беззаконно отбирали добро, найтёе горьким потом? Царский указ от 25 июня 1916 года о мобилизации коренного населения Туркестанского края на тыловые работы в период первой мировой войны (полагалось мобилизовать всех мужчин в возрасте от 19 до 43 лет) стал непосредственным поводом для массовых выступлений. Восстание, стихийные выступления, бунты охватили все регионы Казахстана и Средней Азии.

Первыми удар народного гнева приняли на себя волостные управители, аульные старшины, непосредственно составлявшие списки на тыловые работы. Пользуясь отсутствием у казахов метрических свидетельств, они произвольно включали бедняков в списки независимых от возраста, а байских сыновей за взятки освобождали от призыва. Постепенно стихийное движение стало принимать организованный характер: появились его крупные очаги в Тургае и Семиречье во главе с Амангельды Имановым, Алиби Джангильдиным, Токашем Бокиным и другими руководителями.

Оно охватило весь Казахстан. Крупнейшими центрами восстания были Семиреченский и Тургайский очаги. Повсеместно организовывались повстанческие отряды. В тургайской степи восстание, во главе которого стояли Амангельды Иманов и Алиби Джангильдин, было самым длительным и упорным. Численность повстанческих отрядов в самый пик восстания достигла почти 50 тысяч человек.

Главными причинами поражения восстания были стихийность и недостаточная организованность. Царское правительство в своих интересах использовало национальные противоречия и межродовую борьбу. Другой причиной стало отсутствие единства в рядах национальной интеллигенции: одни призывали идти на военную службу, вторые вступили в переговоры с царским правительством. Степная элита, по сути, предала интересы восставших.

Царскому правительству удалось быстро обезглавить движение и подавить восстание. Однако 1916 год занимал особое место в истории многовекового национально-освободительного движения казахского народа. Амангельды Иманов

и другие руководители восстания подняли народ на борьбу за независимость, которую в своё время начали Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Утемисов, Кенесары и Наурызбай Касымовы. Впервые после национально-освободительного движения под руководством Кенесары Касымова восстание 1916 года обрело всеказахский характер, охватив все регионы обширного края, и было намерено достичь национальной и политической независимости народа.

Восстание 1916 года с полным правом можно считать антиколониальной революцией, значение его велико, как и его размах. Казахи осознали, что они могут на равных сражаться с российскими войсками за освобождение своей земли, в защиту чести и достоинства своего народа.

В преддверии 100-летия национально-освободительного восстания 1916 года, следует тем не менее подчеркнуть, что у народов России и Центральной Азии общая судьба, общая история, непростая и противоречивая в прошлом, поэтому исторически сложившееся взаимодействие и сотрудничество наших государств и народов должно неуклонно развиваться в духе взаимного уважения, доверия и общности интересов.

Без прошлого нет будущего. И какое бы оно место не занимало – о страницах своей истории мы не должны забывать - надо помнить и трагедии, пережитые нашим народом. В первую очередь, для того, чтобы подобного никогда больше не произошло. Чтобы понимать, для чего нам нужна независимость.



ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Ж. ҚОЙКЕНОВА,
Байзақ аудандық
прокуратурасының прокуроры,
1-ші сыныпты заңгер.

Үстіміздегі жылдың мамыр айының 23-і мен маусым айының 2-сі аралығында аудан прокурорымен ауданның 9 елдімекенінде азаматтарды жеке қабылдау жүргізілді. Барлығы 9 (тоғыз) азамат қабылданып, оның 2-не прокурор заң талаптарын ауызша түсіндіріп, сотқа дейінгі тергеп-тексеру заңдылығын қадағалау саласы бойынша 2 арыз, әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау саласы бойынша 4 арыз түсіп, аталған арыздар заң шеңберінде қаралып, тиісті шаралар қолданды.

Мысалы, Байзақ ауданы, Мәдімар ауылының тұрғыны Ж. арызында 2015 жылдың қараша айының 12 жұлдызында бір бас жылқының ұрланғандығын, бұл жөнінде АПБ-нің учаскелік инспекторы Е-ге хабар бергенін, бірақ бүгінгі күнге дейін шара қолданбағаны туралы арызданған.

Арызды тексеру барысында бұл дерек АПБ-де АЕК (арыздарды есепке алу кітабына) тіркелмегені, яғни есептен жасырылғаны анықталып, аталған дерек бойынша 25.05.2016 жылы аудан прокуратурасымен ҚР ҚК-нің 188 бабының 1 бөлігімен қылмыстық іс қозғалып, қылмыстық іс тергеу амалдарын жүргізу үшін Байзақ АПБ-не жолданды. Сонымен қатар, учаскелік инспектор Е-нің әрекетсіздігі үшін аудан прокуратурасымен ҚР ҚК-нің 433-бабының 1 бөлігімен қылмыстық іс қозғалып тергеу үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл ұлттық бюросының Жамбыл облысы бойынша департаментінің Т.Рысқұлов аймағы бойынша басқармасына жолданды.

Байзақ ауданы бойынша елді мекендерде ауыл тұрғындарының осындай көкейкесті мәселелерін тындап, лауазымды басшылардың назарына ұсынылды.

Жалпы аудан прокуроры өткізген жеке қабылдаулардың тиімділігін қарапайым адамдар нақты сезіне білді.

НА ТЕСТОВОЙ ПЛОЩАДКЕ-ЖЕНЩИНЫ

В Таразе женщинам-предпринимателям Жамбылской области была предоставлена уникальная тестовая площадка для выставки товаров и услуг. Так в области завершился первый этап масштабного проекта «УМА!» Совета деловых женщин Палаты предпринимателей Жамбылской области.

В сегодняшних непростых экономических условиях нашим бизнес-леди необходима всесторонняя поддержка. В первую очередь, это касается женского предпринимательства на селе. Учитывая современные реалии, Национальная палата предпринимателей инициировала проект «УМА!».

В качестве пилотных выбрана и наша Жамбылская область. Миссия проекта заключается в повышении конкурентоспособности женщин-предпринимателей, особенно в сельской местности, повышение качества женского предпринимательства через повышение доходов и предоставление возможностей самореализации. Проект претворяется в жизнь Советом деловых женщин Региональной палаты предпринимателей, который состоит из 46 бизнес-леди. Созданная



рабочая группа по реализации проекта «УМА!» побывала во всех районах нашей области. На встречах с местным населением члены Совета деловых женщин подробно рассказали о самом проекте, выяснили нужды и потребности сельских бизнес-вумен, распространили обучающие материалы.

Первым этапом проекта было: предоставление тестовой площадки в г.Тараз, на которой предприниматели смогли продемонстрировать свои товары и услуги. Ассортимент продукции и услуг приятно удивил всех гостей и

участников выставки-ярмарки - это: и сувениры ручной работы, и текстиль, и приданное, и мед, и молочная продукция. Оценивали каждого участника посетители выставки и члены экспертной группы, которые помогли выбрать лучших из более чем 70 участников. Любой посетитель, получив жетоны трёх цветов, мог проголосовать за понравившегося предпринимателя.

В итоге в числе победителей был и представитель нашего района - ИП «Бакдаулет», занимающийся разведением кроликов, которому присудили третье место.

Предпринимателям, занявшим третье место, в качестве приза будут бесплатно оказаны сервисные услуги от Палаты предпринимателей Жамбылской области по созданию бренда своей продукции.

Кроме того, Совет деловых женщин Жамбылской области решил поощрить восемь предпринимателей специальными номинациями. В их число входит переработчик молочной продукции из нашего района Владимир Ильич Лесняк.

Ему вручили подарочный сертификат на создание и бесплатную трансляцию рекламного ролика в течение трёх месяцев на канале 77 TV.

Наш корр.

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР ҰЛЫҚТАЛДЫ

“Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нысан. Бұл рәміздер біздің мемлекетіміздің өткені, бүгінгі мен болашағы арасындағы сабақтастықтың жарқын бейнесі” деп Елбасымыз айтқандай, өткен аптада Дихан ауылдық округіне қарасты М. Мәметова атындағы негізгі мектеп жанынан құрылған “Балапан” жазғы сауықтыру лагерінде “Ақ көгершін” тобының жетекшісі Н. Тойшыбекованың ұйытқы болуымен “Мен өз Отанымның рәміздерін құрметтеймін” атты шара өткерілді.



Мемлекеттік рәміздерді есептеген шараны мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Аманқозиева ашып, Әнуран, Елтанба, көк Туымыздың қадір-қасиетіне тоқталды. ҚР Мемлекеттік рәміздер күні- қазақстандық отансүйгішті күшейту мен ұлттың бірлігі, тәуелсіз Қазақстанның құндылығы мен жетістіктерін насихаттауға үндейтіндігін айтып, балаларды мерекемен құттықтады. Одан кейін сөз алған лагерь жетекшісі З. Жарылқапова ұлттық мерекенің маңызын әңгімеледі.

“Ақ көгершін” тобының тәрбиеленушілері ҚР Мемлекеттік рәміздер туралы сұрақтарға Қазі Орынбасар, Ықылас Нұржігіт, Нұрай Артықовалар жан-жақты жауап берді. Нұрай Артықова мен Ықылас Еркеназ мың бұрала билесе, Айша Нұрланқызы әуелетіп ән салды. Шара барысында мемлекеттік рәміздер, Елбасы, Астана, ұлттар достығы, бірлік, қоғамдық келісім туралы тақпақтар айтылды.

Өз тілшіміз.

“Жасыл ел” бағдарламасы аясында

М. МАНЕКЕЕВ,
«Ауыл жаңалығы».

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қоршаған ортаны қорғау, жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту мақсатында 2005 жылы «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасын енгізгені белгілі. Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру барысы бүгінгі күнде ауданда жүйелі түрде қолға алынды.

Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің «Жастар

ақ стадион аумағында құраған талдарды кесіп, екі тоннаға жуық күл-коқысты тазалады. Спорт алаңын көгалдандыру мақсатында 320-ге жуық тал-дарактар егіп, күніне бір мезгіл суару жұмыстарын да қолға алды. Спорт алаңында өскен шөптерді шауып, алаңда орналасқан бөлтермілерге (туриник, брус, қапқа) сырлау жұмыстарын жүргізді. Кешкі мезгілде жастардың келіп ойынатын футбол алаңында шөптерлерін сызып та қойған. Ауыл жастарының бос

ЖАС КЕПСЕ ІСКЕ...

ресурстық орталығы» мекемесіне үстіміздегі жылы «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша облыстық трансферттен 1 млн. 400 мың теңге бөлініп, жұмыссыз жастар және студенттерден құралған 30 жас жұмыспен қамтылып, барлығы құрал-саймандармен қамтамасыз етілген. Ағымдағы жылғы мамыр айының басынан аудан көлемінде «Жасыл ел» жасақтары өз жұмыстарын атқаруда.

Бүгінде «Жасыл ел» жасақтары былтыр ашылған «Жеңістің 70 жылдығы» атындағы спорт стадионында бір ай көлемінде жұмыс атқарды. Аталмыш стадионда жастар жаңа жол жұмыстарына үлесін қосып, жолға шағал төседі, 100 метрге жуық жолды тегістеді. Сондай-

уақыттарын тиімді пайдалануға және салауатты өмір салтын сақтауға барлық мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, «Астананың он жылдығы» атындағы дендросаябағы балалар алаңының шөптері орнылып, күл-коқыстан тазартылды. Сондай-ақ, тазалық жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. «Таза болса маңымыз сау болады тәніміз»-деп, дана қазақ халқы айтпақшы, «Жасыл ел» жасақшылары қоршаған ортаның көркеюіне, қоғамдық орындардың таза тұруына өз септіктерін тигізіп, тазалық барысында игілікті істердің үлгісі болуда. Қоғамға пайдасын тигізу тұрғысында аянбай еңбектенетін жасақшыларымызға алдағы уақытта іске сәт демекшіміз.

ТУҒАН ЕЛДІҢ ТҰЛҒАЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Е. СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

Алақандай “Үлгілі” ауылында кіндік қаны тамып, еліне адал қызмет етіп, ел құрметіне бөленген азаматтар аз емес. Осы ауылда 1925 жылы Айжамал Байділдаева, Райкүл Тәшкеева, Зейіл Байгелдиев, 1926 жылы Сұлтанқұл Шауқаров, Шарат Төребеков, Қыдырқұл Серікбаева, Қати Тілегенова, Құлқан Айнабеков, 1927 жылы Тілеш Оразбаев, Төлен Жетісбаев, Мүсірпекұл Мырзабаевтар өмірге келген. Бүгінде бұлардың дені өмірден өткенімен артында қалған ұрпақтары өсіп-өнуде. Арамызда жүрген Тілеш Оразбаев алдағы жылы 90 жасқа толады. Ұзақ жылдар ұстаздық еткен ол, қазір зейнеткер, құрметті демалыста.

1926 жылы туылған Сұлтанқұл Шауқаров “Үлгілі” ауылындағы бастауыш, содан кейін Михайловка (қазіргі Сарыкемер) ауылындағы орта мектептің жетінші сыныбын бітірген. Жамбыл есеп-санақ техникумына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп шыққан ол жолдамамен Луговой (қазіргі Т.Рысқұлов) қаржы бөлімінде, одан кейін өзі туып өскен Байзақ ауданында еңбек жолын жалғастырды.

1950 жылы одақ бойынша ұсақ шаруашылықтарды біріктіріп, үлкен шаруашылықтар құрылған болатын. “Үлгілі” ұжымшарына “Ванцетті” ұжымшарын қосып, атауы Үлгілі болып қалған. Ұжымшардың төрағасы Жақыпбай Мырзабаев, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Дәбен Бөкешев арқылы Сұлтанқұл Шауқаровты аудандық қаржы бөлімінен ұжымшарға жұмысқа ауыстырады.

Кейіннен “Үлгілі” ұжымы мен Киров атындағы ұжым біріктіріліп, Киров атындағы ұжымшар болып аталды. 1930-1955 жылдары аралығында Жақыпбай Мырзабаев, кейіннен аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші

орынбасары болып істеген Хамаз Айтбаев, одан кейін Кенебай Құрымбаев, Әлім Қолдасов, Нұрсәлім Мамырайымов, К. Нұрлыбаев төраға болып, шаруашылықты басқарды.

Сұлтанқұл Шауқаров шаруашылықта астыққойшылығы менгерушісі, қызылша бригадасының бригадирі, ірілендірілген ұжымшар партия комитетінің хатшысы қызметін абайромен атқарды. Бригадир болып істеген жылдары қант қызылшасынан мол өнім жинауға қол жеткізген. Партком хатшысы болған жылдары ұжымшар мемлекетке астық, жүн, ет, сүт, қант қызылшасын өткізу жоспарын артығымен орындаған. Тынышқұл Бақтиярованың звеносы ауа райының қолайсыздығына қарамастан 17 гектар қант қызылшасының әр гектарынан 350 центнерден өнім жинаған. Осындай жетістіктері үшін 1971 жылы өткізілген Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің сайлауында №147 Ровное сайлау округінің сайлаушылары Тынышқұл Бақтиярованың еңбегін жоғары бағалап, зор сенім көрсетіп, депутат етіп сайлаған. Қызылшашылар Ағимаш Кашкеева, Күләйша Шалмұратовалар басқаратын звеноларда үлкен жетістіктерге жетіп, ауылдық кеңестің депутаттары болып сайланды. Шопан Рысбек Саршаев отырындағы саулықтардан жыл сайын қазыны көп алса, сауыншы Света Кругликова да айтарлықтай табыстарға жетіп жүрді. Ұлы Отан соғысына қатысқандар механизатор Кәдір Ноғазов, Сайлыбаев, Арқабаев, механик



Әдімәжит Ниязбеков, сушы “Еңбек Қызыл Ту” орденді Еркебай Тоғызбаев, Төленді Саймасевтар ауылдың экономикасын көтеруге айрықша үлес қосты.

Сұлтанқұл өмірде қарапайым еді. Қай кезінде жүрсе де кішіпейілдігімен, еңбекқорлығымен дараланатын. Мінезі жұмсақ, ешкімге қатты сөйлемейтін, биік парасат иесі еді. Әрдайым көңілді жүретін, қабақ шығуды білмейтін. 1947 жылы Күлсары Үсенқұлқызына үйленіп, екеуі 34 жыл өмір сүрді. Күлсары ұжымшарда белсенді қолхозшы болған.

1981 жылы Сұлтанқұл аға, ал жеміміз 60 жасында 1990 жылы өмірден өтті. Екеуінен тараған 4 ұл, 4 қыз өмірден өз орындарын тапқан. Үлкені Фазыл - “Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі”, Үлгілі орта мектебінің директоры, зайыбы Шауқарова Күлпаршың жоғарғы санатты ұстаз. Хамиди Шауқаров - жоғарғы санатты дәрігер, бірнеше жыл Байзақ аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері болып істеген. Бүгінгі таңда облыстық қан құю орталығы бас дәрігерінің орынбасары, Асқар-Ж. Үшкеліров атындағы спорт мектебі директорының орынбасары, Ержан-Жоғарғы білімді инженер-құрылысшы. Клара-Алматы қаласында “ҚазМұнайГаз” ұлттық компаниясында есепші, Гүлнара - дәрігер, Гүлбану мен Назира жеке меншік компанияда есепші.

Өмірін еңбекпен өрнектеген Сұлтанқұл мен Күлсараның ұл-қыздарынан тараған 20 немересі, 15 шөбересі өсіп келеді. Немерелерінің алды жоғарғы білімді. Бір сөзбен айтқанда, Сұлтанқұл Шауқаровтардың әулеті мұғалімдер мен дәрігерлердің, қаржыгерлердің әулеті саналады.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА-ЖОЛ ЖОҚ

Д. МУРАТБЕКОВ,
ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Байзақ аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттік бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі.

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғаны шындық. Елдің ертені үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің көтеріліп жүруі үшін жемқорлық індетімен белсене күресіп, оны жою үшін жалпы халық болып атсалысуымыз керек. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономикалық өркендеуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекетіміз Кеңес Одағы кеңістігінде алғаш рет «Жемқорлыққа

қарсы күрес» Заңын қабылдады. Бұл заң Жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізі принциптері анықталып, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің арттырылуының түрлері анықталды. Елбасының 5-институттық реформаны жүзеге асырудағы «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-ші қадамында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту туралы іс-шаралар қарастырылған. Жоспардың негізгі мақсаты «аурулардың сыртқы белгілерін сылап-сипап қою емес, оларды жүйелі түрде емдеу» болып табылады.

2015 жылдың қараша айының 18-і күні «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы қабылданды. Мемлекеттік қызмет істері министрлігі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық Бюро құрылды. Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлықпен күрес мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ҚР Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен қатар,

сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекеттік органдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың тиімді қызметін қамтамасыз етуді көздейді.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі пәрменді жүргізу үшін:

1. Әрбір Қазақстан Республикасының азаматы өзінің құқықтық біліктілігін арттыруы керек;

2. Өмірімізге дендеп еніп келе жатқан әлемдегі ақпараттық технологияның жетістіктерін кеңінен пайдаланып, мемлекеттік қызмет берушімен алушының арасындағы тікелей бетпе-бет, ауызба-ауыз, жолығу шектелуі тиіс.

3. Мемлекеттің алтын діңгегі мемлекеттік қызметшілер арасында «Әдеп Кодексінің», сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Заңының талаптары орындалуы шарт.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасқана барғандар қатаң жазаға да тартылады. Оларға біздің қоғамда да, арамызда да орын жоқ екенін түсінгені абзал.

ХАЛЫҚ ТІЛЕГІ - ТЫНЫШТЫҚ

К. БЕСПАЕВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Бүгінгі таңда еліміз үшін тыныштық ауадай қажет. Шындығында, тұрақсыздық, татулық пен бірлік болмаса экономикалық өрлеу, әлеуметтік даму туралы да ешқандай сөз болуы мүмкін емес еді. Мінекей, сондықтан да ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев тұрақтылықты, ұлтаралық татулықты бірінші орынға қойып келеді.

Ақтөбе қаласында орын алған лаңкестік әрекеттің салдарынан жазықсыз адамдар қаза тапты. Аталмыш оқиға ешқандай адамгершілік нормаларға жатпайды. Сондықтан әрбір қазақстандық, соның ішінде жастар осыны

түсініп, ел тыныштығын сақтау жолында біріге отырып, лаңкестік әрекетке жетелейтін қылмыскерлерді қатаң жазаға тартуы керек деп ойлаймыз.

Ел тілегі-тыныштық. Бейбітшілік салтанат құрған жерде алынбайтын асу болмайды. Сол себепті қоғамдағы татулықты көздің қарашығындай сақтай білейік дегім келеді.

Р. АЗИЗОВ,
«Байзақ баба» мешітінің бас имамы.

Ақтөбе қаласында белгісіз топтың қару-жарақ дүкеніне, Ұлттық ұланның әскери бөліміне шабуыл жасағаны, жазықсыз адамдардың қаза тапқаны жанымызды ауыртты. Жат пайғалды

топтардың әрекетінен қайғы шегіп отырған отбасыларға көңіл айтамыз.

Жұмыр жер бетінде орын алған әртүрлі оқиғаларды сараптасаң еліміздегі тұрақтылықтың мәнін, тәуелсіздікті тұғырлы ету, келеңсіз оқиғалардан сабақ алу, ел бірлігін, ынтымағын сақтаудың маңызын ұғынасың.

Кеше, сейсенбі күні тарауих намазына жиылған жамағат Қазақстан жетекші діни бірлестіктері басшыларының экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі Үндеуін оқып, талқылады. Діни экстремизмге жол жоқ екені айтылды. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің әлемдегі бейбітшілікті сақтауға бағытталған бастамаларына толығымен қолдау білдіреміз.

(сумки, коробки, свёртки, мешки, чемоданы и т.п.), особенно с наличием проводов и технических устройств, а также на подозрительных людей в общественных местах и на транспорте.

Не прикасаться к подозрительным предметам. Не принимать на хранение или для транспортировки подозрительные предметы, особенно от неизвестных лиц.

Отнеситесь с пониманием к действиям сотрудников правоохранительных органов при проверке документов и оказывайте им посильное содействие.

Не поддавайтесь панике и руководствуйтесь официальной информацией государственных органов.

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

5-6 июня текущего года на территории Актюбинской области проводится антитеррористическая операция по нейтрализации террористов.

Принимая во внимание складывающуюся обстановку, руководителем Республиканского оперативного штаба по борьбе с терроризмом – Председателем КНБ Республики Казахстан, генерал-лейтенантом Жумакановым В.З. в соответствии с главой 4 “Правил организации и функционирования государственной системы мониторинга информации и оповещения населения о возникновении угрозы акта терроризма”,

утверждённых Указом Президента РК от 9 августа 2013 года №611 в пределах Алматинской, Акмолинской, Актюбинской, Атырауской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Жамбылской, Карагандинской, Кызылординской, Костанайской, Мангистауской, Павлодарской, Северо-Казахстанской и Южно-Казахстанской областей, г.г. Астаны и Алматы установлен умеренный «жёлтый» уровень террористической опасности сроком на 40 суток.

В этой связи, просим с пониманием относиться к проводимой работе государственных органов. Обращать внимание на бесхозные предметы

ОРАЗАҢ ҚАБЫЛ БОЛСЫҢ, ҰСТАНҒАН ЖАН!

2016 жылдың ораза кестесі

Рама-зан айы	Маусым-шілде айлары		Ауыз бекіту Таң намазы	Ауызашар Шам намазы
1	6	Дүйсенбі	3:51	20:50
2	7	Сейсенбі	3:51	20:51
3	8	Сәрсенбі	3:50	20:52
4	9	Бейсенбі	3:50	20:52
5	10	Жұма	3:49	20:53
6	11	Сенбі	3:46	20:53
7	12	Жексенбі	3:49	20:54
8	13	Дүйсенбі	3:48	20:54
9	14	Сейсенбі	3:48	20:55
10	15	Сәрсенбі	3:48	20:55
11	16	Бейсенбі	3:48	20:56
12	17	Жұма	3:48	20:56
13	18	Сенбі	3:48	20:56
14	19	Жексенбі	3:48	20:57
15	20	Дүйсенбі	3:48	20:57
16	21	Сейсенбі	3:48	20:57
17	22	Сәрсенбі	3:49	20:57
18	23	Бейсенбі	3:49	20:57
19	24	Жұма	3:49	20:57
20	25	Сенбі	3:50	20:58
21	26	Жексенбі	3:50	20:58
22	27	Дүйсенбі	3:51	20:58
23	28	Сейсенбі	3:51	20:58
24	29	Сәрсенбі	3:52	20:57
25	30	Бейсенбі	3:52	20:57
26	1	Қадір түні	3:53	20:57
27	2	Сенбі	3:54	20:57
28	3	Жексенбі	3:55	20:57
29	4	Дүйсенбі	3:56	20:57

Ораза деген не? Ораза дегеніміз – белгілі бір уақыт ішіп-жеуден, нәпсілік қалаулардан тыйылу. Мұның парызы – ішіп-жеу және құмарлық сезімдерден сақтану. Ораза уақыты – екінші шапақтан басталып, күннің батуына дейінгі уақыт. Жалпы, сақтық үшін алғашқы шапақта ішіп-жеуді тоқтатқан жақсы.

Ауыз бекітерде оқитын дұғаны:

«Нәуәйтү ән әсүме сауәме шәһри Рамадана минәл фәжри иләл мәғриби хәлисан лилләһи тәғәлә».

Қазақша мағынасы: Бір Алланың ризалығы үшін таңнан күн батқанға дейін Рамазан оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауыз ашарда оқитын дұғаны:

«Аллаһумма ләкә сумту, уә бикә әмәнту, уә әләйкә тәуәккәлту, уә әлә ризикә әфәртү, фәғфирли мә қаддәмту әу мә аххарту би рахмәтикә иә архамәр рахимин».

Қазақша мағынасы: Уә Алла! Сен үшін ораза тұттым. Саған иман келтіріп, Саған тәуекел еттім. Сен берген ризықпен ауыз аштым. Менің алдағы да кейінгі күнеларымды көшіре гөр, уә қамқоршылардың қамқоршысы, Сенің рақымыңмен сұраймын.

Ескерту!

Сәресіні ішу таң намазына 10 минут қалғанда тоқтатылады.

Ақшамазаның уақыты кірісімен ауызды құрмамен, сумен яки басқа да жеміспен ашқан жөн.

Тарауих намазы Құптанның парызынан кейін, ал үтір-уәжіп ең соңынан жамағатпен оқылады.

1 шілде күні-Қадір күні.

Пітір садақа адам басына -200 теңге болып бекітілді.

Ел Тәуелсіздігіне - 25 жыл!

БАЛАЛАР ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛГЕН КҮН

Үстіміздегі жылы талай аласапыран, қиын, теперіші мол заманды бастарынан өткізген қазақ халқының бүгінгі күнде тәуелсіздігін алғанына 25 жыл толып отыр. Осы дүбірлі мерейтойымызға орай «25 қайырымды іс» акциясы аясында «Нұр Отан» партиясының «Бақытты балалық шақ» жобасы бойынша Ю.Гагарин атындағы орта мектебінің жанында құрылған «Балдәурен» сауықтыру лагерінде балаларға үлкен концерт ұйымдастырылды. Концерт барысында тәуелсіздік тақырыбында патриоттық бағыттағы әсем әндер шырқалып, мың бұралған бишілер өнер көрсетті.



«Жарық тарату» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен өткізілген шара барысында сауықтыру лагеріне қатысушы 100 балаға тегін балмұздақтар таратылды. Осындай игілікті істер еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өз жалғасын табауда.

Өз тілшіміз.

МҰРАГЕРЛІК ІС ЖАРИЯЛАНАДЫ

Т-197-06-60. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Кеңес ауылы, Теміртаев көшесі №2 үйдің тұрғыны болған **Исаков Накип Танибергеновичтің** 2016 жылдың 15 мамыры күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-198-06-60. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Бөйтерек ауылы, Звездная көшесі 5-ші бұрылыс №1 үйдің тұрғыны болған **Тажимуратов Мирзай Юлдашовичтің** 2016 жылдың 16 наурызы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

Т-199-06-60. Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қызыл жұлдыз ауылы, Бөгенбай көшесі №46 үйдің тұрғыны болған **Курманова Гулнар Наурузбаевнаың** 2016 жылдың 29 наурызы күні қайтыс болуына байланысты **мұрагерлік ісі** жарияланып отыр.

Талапкерлер осы хабарландыру жарияланғаннан кейін, бір ай мерзім ішінде, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Смаилов көшесі №1 "а" үйде орналасқан нотариалдық кеңсе қызметкері Г.Мудуароваға жолығулары керек.

+7 (771) 050-13-04

Деструктивті діни әрекеттерден жапа шеккендерді ОҢАЛТУ

114

- Дінтанушы,
- Теолог,
- Психолог,
- Заңгер
мамандардың кеңесі мен көмегі

ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША
ҚАУЫРТ ЖЕЛІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
АҚПАРАТТЫҚ-КЕҢЕСШІЛІК
ОРТАЛЫҒЫ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ИНФОРМАЦИОННО-
КОНСУЛЬТАТИВНЫЙ ЦЕНТР
ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ
ПО ВОПРОСАМ РЕЛИГИИ

Қазақстанда көз көлген аймағынан стационарлық қырық шағу тегін қабилдандыру
Звонок с городского телефона из любой точки Казахстана принимается бесплатно

Жамбыл облысы әкімдігінің
"Дін проблемаларын
зерттеу орталығы" КММ

8 (7262) 51-50-20

КГУ "Центр исследования
проблем религии"
ақимата Жамбылской области

РЕАБИЛИТАЦИЯ пострадавших
от деструктивной религиозной
деятельности

Назар аударыңыздар!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы №611 «Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеу қағидалары туралы» Жарлығының талаптарына сәйкес, ҚР ҰҚК төрағасының бұйрығымен Қазақстан Республикасының аумағында үстіміздегі жылдың 6 маусымынан бастап 40 күн мерзімге террористік қауіптіліктің бірқалыпты ("сары") деңгейі енгізілді. Осыған орай, көшіп-қону мен жүріп-тұру режимі және теміржол мен көлікте тексеру күшейтіледі.

К сведению населения!

Руководствуясь требованиями Указа Президента Республики Казахстан от 9 августа 2013 года №611 «Правила организации и функционирования государственной системы мониторинга информации и оповещения населения о возникновении угрозы акта терроризма» Председателем КНБ с 6 июня текущего года сроком на 40 суток введен умеренный («жёлтый») уровень террористической опасности на всей территории Республики Казахстан.

В этой связи, будет усилен миграционный режим, контроль за транспортными средствами, а также досмотр в авто и железнодорожном транспорте, в т.ч. с применением технических средств.

Пресс-служба ДКНБ РК
по Жамбылской области.

АЛАУФА АБАҰ БОЛЫҢЫЗДАР!

И.РЫСАЛДИЕВ,
Байзақ ауданы ТЖ бөлімінің инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Есте сақтаңыздар: табиғаттың ең қауіпті жауы—от! Отты табиғатта қолдануда өте сақ болыңыздар. Сіздің абайсыздығыңыздан орман өртеніп кетпес үшін, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтаңыздар. Олар:

- күрғак және желді ауа райы кезінде от жақпаныңыздар;
- жаққан от ошағын сөндірмей қалдырмаңыз;
- сөндірілмеген сіріңке мен темекі тұқылын жерге тастамаңыз;
- демалыс орындарын қағазбен, банкалармен, шыныдан жасалған ыдыс-аяқпен және басқа да қалдықтармен тастамаңыздар. Шыны жарықшағы күнмен шағылысып от шығатынын естен шығармаған жөн;
- автоқолікпен жол жүргенде темекі шекпеніңіздер және оны жолашуылардан да талап етіңіздер.

Өрт ошағын байқасаңыз оны дереу сөндіруге бар күшіңізді салып, тез арада "101" және "112" бойынша телефон шалуыңызды өтінеміз.

Ескертеміз, өрттің шығуына айыпты болып табылған тұлғалар ҚР заңдылықтарына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Құрметті Сарыкемер ауылының тұрғындары!

Әр жұма сайын сағат 9.00-ден 11.00-ге дейін Сарыкемер ауылының округінде №11 сайлау учаскесі бойынша депутат Аптаева Сания Мақсұтқызы жеке сұрақтармен қабылдау өткізеді. Т-200-06-60.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Т-201-06-60. 2013-2014 оқу жылында Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Ақжар ауылы, С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің 11-сыныбын бітіргендігі туралы **Төлебаев Рысбектің** атына берілген сериясы ЖОБ№0778579 нөмірлі аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн!

Балалар мен жасөспірімдер орталығының базасында орналасқан «Балалардың қоғамдық қабилдауы» арқылы өмірдің қиын жағдайына ұшыраған балалар мен отбасыларға «Қызу желі» қызметі Сіздер үшін қызмет жасайды және әрқашан сіздерге көмек көрсетуге дайын.

Сенім телефоны: 4-03-06. Орналасқан мекен-жайы: Сарыкемер ауылы, Суханбаев көшесі, 142 "В" үй. «Балалар мен жасөспірімдер орталығы». Т-202-06-60.

ДИРЕКТОР Б.ЖАҚСЫМБЕТОВ
Редактордың уақытша міндетін атқарушы
Г. ЕРМУРАТОВА

Кезекші **М.МАНЕКЕЕВ**

Меншік иесі-
«Байзақ аудандық "Ауыл жаңалығы"-
"Сельская новь" газетінің редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы байланыс және ақпарат агенттігі (11.06.2014 ж.) тіркеліп, № 14388-Г күнелігі берілген.

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 "Б" үй. Қалыбы ЖШС "Редакция газеті "Салық төртібі" баспаханасында жасалып, көбейтілді. **Таралымы 2780 дана.**
Тапсырыс №48

Газет аптасына екі рет, сәрсенбі, сенбі күндері шығады.
Редакция авторлардың көзқарасы мен оқырман хаттарына жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырудың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Ⓐ - материалдың жариялану ақысы төленген.

Мекен-жайымыз:
Индекс 080100.
Жамбыл облысы,
Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы,
М.Х.Дулати көшесі,
10 "а" үй.

Директор-Бас редактор: 2-28-60.
Хаттар бөлімі, тілшілер: 2-12-37.
Есеп бөлімі, жауапты хатшы: 2-15-70.
Газет сайты: www.auil-zhanaligi.kz
Эл.почта: ayil@mail.ru

